

*Бекітемін:*  
*«Күнишақ» жекеменшік*  
*бөбекжай – бақшасының*  
*әдіскері: Жақсылықова А.Ә.*

***«Тілім менің тірегім, соғып тұрған жүрегім»***  
(ортаңғы, «Толағай» тобының ұйымдастырылған ашық оқу қызметі)



Тәрбиеші: Сатыбалдиева Б

Таушық, 12.09.2024ж

**Білім беру саласы:** Әлеуметтік, Коммуникация, Шығармашылық, Таным  
**Бөлімі:** Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, музыка, сенсорика,

**Тақырыбы:** «Тілім менің тірегім, соғып тұрған жүрегім!»

**Білімділік:** балалардың тіл туралы білімдерін жетілдіру, өз ана тілінің қадыр – қасиетін біліп, сөз құдіретін түсініп, оның өміріндегі маңызын ұғуға үйрету.

**Әдіс-тәсілі:** слайд, түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.

**Шаттық шеңбері**

Шуақ шаша алатын таңда,  
Мөлдір таза ауада.  
Табиғаттың бәрі оянады  
Қайырлы таң балалар!  
Сәлем бердім саған елім!  
Тал бесігім туған жерім,  
Сәлем бердім бәріңізге!

Балалар, бүгін бізде ерекше оқу іс – әрекеті өткелі отыр. Бүгін біз Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, ана тілі – **қазақ тіліне** деген өзіміздің сый құрметімізді көрсетпекпіз.

Әдеттегідей оқу іс – әрекетімізді жүректен – жүрекке жылы лебіздерімізбен жалғастырайық.

**Жылулық шеңбері: Балалар:**

Аспанымыз ашық болсын!  
Еліміз тыныш болсын!  
Бақшамыз бақты болсын!  
Жеріміз гүлдене берсін!  
Елімізде бейбітшілік болсын!  
Қазақстан гүлдене берсін!  
Отбасымыз аман болсын!  
Деніміз сау болсын!  
Жеріміз бай болсын!  
Әрқашан күн сөнбесін!

Жыл ерекшеліктерін сұрау.

**Тәрбиеші:** Қазір жылдың қай мезгілі?

**Балалар:** Күз.

**Тәрбиеші:** Күз мезгілінді неше ай бар?

**Балалар:** 3 ай

**Тәрбиеші:** Күз айларын атайық?

**Балалар:** -Қыркүйек, қазан, қараша.

**Тәрбиеші:** -Күз ерекшеліктерін ата?

**Балалар:** -Күн жаңбырлы болады. Адамдар жылы киінеді. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. т.б.

**Тәрбиеші:** -Біздің еліміз, Отанымыз қалай аталады?

**Балалар:** -Тәуелсіз Қазақстан Республикасы

**Тәрбиеші:** -Елімізді басқарып отырған елбасымыз кім?

**Балалар:** - Қазақстан Республикасының Президенті Қасым Жомарт Тоқаев

**Тәрбиеші:** Ұлтымыз кім, біздің ана тіліміз қандай біз қай тілде сөйлейміз?

**Тәрбиеші:** -дұрыс, ана тіліміз қазақ тілі екен.

Бүгінгі оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы «Тілім менің тірегім, Соғып тұрған жүрегім» деп аталады екен.

Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан қазақ тілінің сақталуына, дамуына, халық арасында қазақ тілінің орын алуына үлкен үлес қосқан ақындарымыздың бірі – Қадыр Мырзалиев атамыз.

Ана тілің арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте – деген жақсы өлең шумағын ескермесек болмас.

Біздің Отанымыз – байтақ та, бай ел. Елімізде көптеген ұлт өкілдері тұрады.

Әр халықтың өз ана тілі бар. Ана тілі адам баласының бойына ана сүтімен кіріп, бойға тарайды. Ана сүтімен бойымызға дарыған қазақ тілінің құдіреттілігі, көркемдігі – өрлігінде, орасан зор байлығында.

Әр халықтың ана тілі – оның бақыты және қуанышы. Туған тілін мақтан ету, оны таза сақтау, оның өрлеп, өсе түсуіне еңбек сіңіру – әрбір қазақ отбасының жүрегінің тазалығы. Тіл әрбір ұлттың заңы, сезімнің, ойдың жанды бейнесі.

Балалар біз жан-жақты болып өсуіміз керек. Сондықтан тек қана ана тілімізбен шектелмей орыс, ағылшын тілдерін де жетік меңгеруіміз керек.

**Сергіту сәті:**

Біз балдырған баламыз

Құстай қанат қағамыз.

Дүниені аралап

Оқып білім аламыз

Көзді салып қараңыз

Былай қанат қағамыз.

Тіл деген қасиетті ұғым екен,

Қазақ тілі жырлайтұғын жырым екен.

Ұмытпайық тілімізді ешқашан,

Қасиетті сақтайтұғын сырым екен,-демекші тіл туралы тақпақтарға кезек береміз.

**Айару:**

Қазақ тілі бас иемін мен саған,  
Тілге деген болу керек кең талғам  
Мемлекеттік тілімізді сыйласақ,  
Қазақ тілі біздер үшін жаралған.

**Еркеназ:**

Тілім саған арналады бар күнім,  
Сен арқылы таси түсті шаттығым.  
Қазақ тілін білмесең сен егерде,  
Онда сенің қазақ тілге жоқтығың.

**Абдулкарим:**

Ана тіліне тағзым  
Ана тілі біздің туған анамыз,  
Анамыздай сыйлап бағып-қағамыз.  
Ана тілін бағаласақ қалай біз,  
Өзіміздің сондай болмақ бағмыз.  
Ана тілін кім аялай білмесе,  
Анасынан безген ұл деп қараңыз.

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар, балалар!

Тіл – әрбір ұлттың заңы, сезімнің, ойдың жанды бейнесі. Қазақ халқы сөзге шешен, ойы ұшқыр, мақалдап сөйлейтін халық. Мақал-мәтелдер талай замандар бойы қалыптасқан, ұрпақтан ұрпаққа вуысып келе жатқан асыл мұра. Кезекті мақал-мәтелге берейік.

Диана: Тіл бас жарады

Бас жармаса тас жарады.

Аят: Өнер алды қызыл тіл

Мағжан: Бас кеспек болса да,

Тіл кеспек жоқ.

Айбын: Шебердің қолы ортақ,

Шешеннің тілі ортақ.

Бүгін біздің ашық оқу іс әрекетіміз не туралы болды?

**Тәрбиеші:** Ұлтымыз кім?

**Балалар:** Қазақ

**Тәрбиеші:** Қай тілде сөйлейміз?

**Балалар:** Қазақ тілі.

**Балаларды мадақтау.**

